


Мамандықты таңдай біл.



Өмірдегі ең маңызды қадамдардың бірі – мамандық таңдау. Менгерген мамандығың – жарқын болашағыңың кепілі. Жыл сайын мектептен түлеп ұшатын әрбір шәкірт мамандық таңдайды. Қарапайым тілмен айтқанда, мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау болып табылады.

*1978 жылы америкалық психолог Сьюзен
Деллинджер жасаған мына психологиялық
тестке назар салуларыңызды сұраймын
Сізге қай мамандық лайық?
(психологиялық тест) Бұл бес геометриялық
фигураның негізінде жасалған, сіз тек өз
болмысыңызды ашатын біреуін таңдауыңыз
керек.*




1



2



3



4



5



1. Дөңгелекті таңдаңыз...

Сіз үшін тұлғаралық қарым-қатынастың рөлі зор. Өз ортаңызда өзінізді бақытты сезінуді маңызды санайсыз. Өзгелердің қуанышын да, қайғысын да өз басыңыздағыдай қабылдайсыз. Кейде өз-өзінізден үйлесімділік таппайсыз. Сізге әртіс, маркетолог, мұғалім, тарихшы, мейрамхана иесі не үй қызметкері болу жарасады.



2

2. Шарыны таңдаған болсаңыз...

Өте еңбекқор адамсыз. Бастаған істі орта жолда тастамайсыз. Төзімділік, жүйелілік, дәйектілік – жұмыстағы басты қасиеттеріңіз. Бірақ маңызды істерді шешерде ұсак-түйекке шүйлігіп қаласыз. Миныздың сол жақ бөлігі жақсы жұмыс істейді, демек логиканың жақсы дамыған. Сол себепті жүректің емес, ақылдың айтқанына бағынасыз. Сізге есепші, бағдарламашы, банк қызметі, дәрігер, инженер, жүргізуші мамандықтары дәл келеді.



3. Таңдауыңыз үшбұрыш болса...

Сіз өте жақсы менеджерсіз. Жаңа ақпаратты бірден қағып аласыз да, талдап, сараптап, жіпке тізіп шығасыз. Біліктілігіңіз бойыныңға сенімділік ұялатады. Барлығын дұрыс жасауға талпынасыз. Қателік шықса, мойындағыныз келмейді. Биік мақсатқа жету үшін өзіңізге деген тым сенімділік пен шыдамсыздық кедергі келтіруі мүмкін. Сәйкес келетін мамандықтар: архитектор, экономист, саясаткер, әскери қызмет, менеджер, қорғаушы, дизайнер.

4. Төртбұрыш таңдасаныз...

Сіз өз өнерінізді бағаламайсыз. Тіпті ештеңеге қабілетім жок деп ойлайсыз. Сондықтан өзінізді іздегендеге екі үстелге қатар отырғыныз келеді, бұл мүмкін емес. Бұйырған кетпейді, осыны естен шығарманыз. Жаныңыз сүйетін іспен айналысада тәуекелге бел буыныз. Сіз үшін бөлім басшысы, кәсіпкер не аниматор болған дұрыс.



5. Таңдауыңыз ирек пішінге түссе...

Сіз шығармашылық адамысыз. Өмірге әр қырынан қарайсыз, оның әрқайсынан ішкі сұлұлықты көресіз. Карқынды, сабырлы адамысыз. Бір орында отырып ұзак жұмыс істей алмайсыз. Ең керемет, креативті идеяға байсыз. Оны жүзеге асыру үшін жүйелілік пен шыдамдылық жетіспейді. Өзінізді зерттеуші, дизайнер, өнертапқыш, музыкант, жазушы не суретшілер арасынан іздең көріңіз.

Мамандық таңдаудан сәттілік тілеймін!

Назарларыңызға рахмет!

